

Спирт және спирт-арақ өнімдерін өндіру бойынша кәсіпорындардың қызметін және жекешелендірілуін жақсарту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 қаңтар N 109

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығына сәйкес, 1995 жылғы 6 қыркүйектегі N 26/95 және 1995 жылғы 3 қазандағы N 30/95 кәсіпорындарды басқару құқығына арналған контрактілерге орай, "Акцепт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз міндеттемелерін толық көлемде орындап отырғанын ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Тараз" акционерлік қоғамының аумағында орналасқан және онымен бірыңғай технологиялық кешенді құрайтын арақ құю цехын "Тараз" акционерлік қоғамының жарғы қорына енгізсін.

"Тараз", "Талғар-спирт", "Айдабол спирт заводы", "Шарап" акционерлік қоғамдары жарғы қорының акцияларын 39 проценттен сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың жарғы қорының акцияларын 39 проценттен "Акцепт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне - фирма басқарушысына сатуды жүзеге асырсын.

3. "Акцепт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі республика бюджетіне төлеген ақша қаражаты (бонусы) сатып алынған акцияларға төленген сома ретінде есепке алынсын.

4. "Жамбыл спирт-арақ өндірістік-сауда бірлестігінің шаруашылық жүргізуіндегі мүлікті баланстан балансқа беру туралы" Жамбыл облысы әкімінің 1995 жылғы тамыздағы N 117 қаулысының күші жойылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК